

## 2024-2025 оқу жылындағы ата-аналар қоғамының жылдық жұмыс талдамасы

Оқу жылы басында 2024-2025 оқу жылына ата-аналар қоғамымен жылдық жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Жоспар негізінде ата-аналар қатысуымен іс-шаралар өткізілді.

2 қыркүйек күні мектебімізде біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында, ата-аналарды педагогикалық орталығының жоспарына сай, «Абайлаңыз балалар» апталығы аясында «Отбасы ұлттың тірегі» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

6 қыркүйек күні кәмелетке толмаған жасөспірімдердің арасындағы құқықбұзушылықтың, нашақорлықтың, буллингтің, кибербуллингтің алдын алу мақсатында «Жасөспірім және құқықбұзушылық» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында оқушылардың мектеп формасы, мектептің ішкі тәртіп ережесі, балаларды қауіпсіз тасымалдау алгоритмі мәселелері бойынша мәселелер қозғалды.

11 қазан күні «Мектеп –Ата-ана- Оқушы» арасындағы байланысты нығайту мақсатында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыста құқықбұзушылықтың алдын- алу, жасөспірімдердің түнгі мезгілде жүруін қадағалау, буллингтің алдын алу бойынша мәселелер қарастырылды.

Біртұтас тәрбие бағдарламасының «Өнегелі 15 минут» аясында мектебіміздің «Әжелер мектебінің» мүшесі, ардагер ұстаз Докина Гүлжанат Таңбайқызы 6 «А» сынып оқушыларымен кездесу өткізді.

Біртұтас тәрбие бағдарламасының «Өнегелі 15 минут» аясында мектебіміздің «Әжелер мектебінің» мүшесі, ардагер ұстаз Байтүгелова Тәрбия Жұмабекқызы 11 сыныптың қыз балаларымен «Шешеге қарап – қыз өсер» тақырыбында кездесу өткізді.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» жоспарына сай 7 сынып жетекшілері ата-аналармен «Жасөспірімдердегі ұйқы: Оқуға және мінез-құлыққа әсері» тақырыбында сабақ өткізілді.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» жоспарына сай 4 сынып жетекшілері ата-аналармен «Сапалы ұйқы-балалардың дамуы мен денсаулығының іргетасы» тақырыбында сабақ өткізілді. Сабақтың мақсаты: баланың физикалық және психикалық денсаулығын сақтау факторы ретінде ата-аналардың ұйқыға құндылық қатынасын қалыптастыру.

25 қазан күні 2 «Б» сыныбының ата-аналарына сынып жетекшісі Г.Е.Борашеваның ұйымдастыруымен ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыстың мақсаты: ата-ананың бала тәрбиелеудегі оң психологиялық көзқарасын, қалыптастыру. Жиналыста ата-аналарға I тоқсан қорытындысы, бала қауіпсіздігі және әртүрлі мәселелер қарастырылды. Ата-аналар жиналысы дәстүрлі емес форматта өтіп, ата-аналармен психологиялық ахуал қалыптастыра отырып, тест, тематикалық ойындар мен тренингтер ұйымдастырылды, атап айтқанда «Өлеңді әнмен жалғастыр», «Сіз қандай ата-анасыз?» тақырыбында тест, «Маған тең келетіндер жоқ» атты тренинг, «Анама хат және балама хат» атты шаралар өткізілді. Сонымен қатар әр ата-анаға жеке мінездеме, сабақ қорытындысы хат ретінде жазылып табысталды. Жиналыс соңында ата-аналармен рефлексия жүргізіліп, жылулық және жақын қарым-қатынас орнату мақсатында кофе-брейк ұйымдастырылды.

12 қараша күні 2 «А» сыныбында сынып жетекшісі Г.С. Жалғасованың ұйымдастыруымен «Жазғы демалыс кезіндегі мінез-құлық ережелері» тақырыбында ата-аналарға арналған қауіпсіздік сабағы өткізілді.

25 қараша күні «Қауіпсіз балалық шақ» Республикалық ақпараттық науқаны жоспары сәйкес «Бала қауіпсіздігі басты назарда» тақырыбында 11 сынып оқушыларының ата-аналарына жиналыс өткізілді.

29 қараша күні «Зорлық – зомбылықсыз 16 күн» халықаралық акциясы және «Заң және тәртіп» айлығы аясында Отан отбасынан басталады демекші, 8 сынып аналары арасында «Ананың ізін қыз басар» атты ата-аналар жиналысы ұйымдастырылып өткізілді. Жиналыс барысында аналар қыздарына өнегелі әңгімелер айтып қана қоймай, қыздарымен бірге ұлттық қол өнер бұйымдарын жасады. «Қыз қаруы - бұрымы» айдарында аналар өз қыздарының шаштарын өру үлгілерін көрсетіп, мектеп ережесіне сай қыз балалардың шашы әрдайым жинақы болуы қажет екенін оқушыларға тағы бір мәрте түсіндіріп өтті. Сонымен қатар Біртұтас тәрбие бағдарламасының «Даналық мектебі» жобасы аясында қыз балалардың аналарымен «Ана көрген тон пішер» тақырыбында танымдық сабақ өткізілді.

Қазақ халқы ертеден қыз баланы әдептілік пен ибалылыққа тәрбиелеген, періштедей аялап, қорғаған. Қыз баланың қасиетін биіктетіп, сұлулықтың бастауына көтерілуіне жол ашқан. Ата-бабаларымыздың дәстүрлі дүниетанымында, әсіресе қыз баланың өрілген бұрымына ерекше назар аударған. Осы орайда 8 сынып қыз балаларының аналарымен «Қыз баланың қаруы - бұрымы» атты шара өткізілді.

19 желтоқсан күні Біртұтас тәрбие бағдарламасының «Өнегелі 15 минут» жобасы аясында «Даналық мектебінің» «Жеңгелер» клубы мүшелері мектебіміздің 6 сынып қыз балаларына тоқыма тоқуды үйретті.

**Мақсаты:** оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және қол өнерге баулу.

6 ақпан күні «Біртұтас тәрбие бағдарламасы – бала тәрбиелеудің басты рөлі» тақырыбындағы мектебімізде өткен облыстық көшпелі семинарда, Жәшібай Самал Тасболатқызы «Ата – аналардың эмоциялық күйреуі, оны қалай болдырмауға және жеңуге болады» атты ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының ата-аналарға арналған сабағын өткізді.

8 ақпан күні мектебімізде дәстүрлі емес форматта «Сапалы білім – саналы ұрпақ кепілі» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында: Ата-аналар пән мұғалімдерімен жеке кездесіп, балаларының оқу үлгерімі туралы толық мағлұмат алды. Сонымен бірге заңсыз ақша жинау, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша ақпарат берілді.

20 ақпан күні мектебімізде ата-аналарға арналған ашық есік күні өткізілді. Ата-аналар сабақтарға қатысып, кері байланыс жасады.

28 ақпан күні МАД тобының жетекшілері тәрбиеленушілердің ата-аналарына 1 сыныпқа құжаттарды қабылдауға байланысты түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

30 наурыз күні 2 В сынып ата-аналарына «Баланың бас ұстазы ата-ана» тақырыбында жиналыс өткізілді.

Мақсаты : Ата-ана мен бала, мұғалім үштігінің бірлігін берік ұстау, білім мен тәрбиені ұштастыруға ұғындыру.

Күн тәртібінде:

-Ата –анамен баланың қарым –қатынасы;

- 3 тоқсан қорытындысы

- Мектептің ішкі тәртіп ережесі туралы мәселелер қарастырылды.

Мамырдың екінші жексенбісі «Аналар күні» қарсаңында мектебімізде:

- Ана мен қыз арасындағы байланысты нығайту;
- Қыз баланың бойына ибалылық, инабаттылық, жауапкершілік сияқты қасиеттерді сіңіру жолдарын көрсету;

- Қоғамдағы, отбасындағы қыз тәрбиесінің өзекті мәселелерін талқылау мақсатында «Ана қызға үлгі, қыз – анаға үміт» ата-аналармен кездесу кеші өткізілді. Кездесуге Сарыжар мектебінің ата-аналар комитетінің төрағасы Омарова Г.О мен «Даналық мектебі» жанынан құрылған аналар мектебінің мүшелері қатысты.

Ұлттық тәрбиенің негізінде ана мен қыз арасындағы рухани байланыс пен сабақтастықты нығайту, қыз баланың бойына инабаттылық, ибалылық, әдептілік сынды асыл қасиеттерді дарыту арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында аналар күні қарсаңында «Анаға қарап қыз өсер» тақырыбында құрақ көрпе тігуден даналық мектебі жанынан құрылған аналар мектебінің мүшелерінің қатысуымен шебер сынып өткізілді.

12 мамыр күні Ақтөбе облысының білім басқармасы төтенше жағдайлар департаментінің хатына сәйкес мектебімізде «Бала қауіпсіздігі – ата-ана мен мектеп бірлігі» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

Мақсаты:

- Түнгі уақытта балалардың жүріс-тұрысын бақылау;
- Өрт қауіпсіздігі;
- Судағы қауіпсіздік;
- Жол қозғалысы қауіпсіздігі;
- Баланың ақпараттық қауіпсіздігі туралы ақпараттар беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

15 мамыр Халықаралық Отбасы күніне орай мектебімізде «Шаңырақ шаттығы - отбасы» тақырыбында мектепшілік ата-аналарға семинар өткізілді. Семинарда ата-аналар үш топқа бөлінді.

**I топ «Зияткерлік ойындар».** Зияткерлік ойындар барысында ата-аналар әр түрлі тақырыптағы сұрақтарға жауап беріп белсенділік көрсете білді.

**II топ – Қол өнер.** Ата-аналар, аналар тобы және әкелер тобы болып екі топқа бөлініп, ұлттық құндылықтарға бағытталған жұмыстар орындады. Аналар тобы қыз балалармен бірге әртүрлі құрақ түрлерінен көрпешелер құрап, қыз балаларға түсіндіріп өтті. Ал ер балалар әкелермен бірге құстарға қамқорлық жасау мақсатында ұя жасады.

**III топ – Спорттық ойындар.** Ата-аналар екі топқа бөлініп, әр түрлі спорттық ойындардан тимбилдинг ойынын ойнады. Семинар соңында мектебіміздің оқшылары ата-аналарға арнап, отбасы күніне орай концерт ұйымдастырды. Семинар соңында іс-шараға қатысып, белсенділік танытқан ата-аналарға мектеп әкімшілігі тарапынан алғыс хаттармен марапатталды. Семинар соңында ата-аналар мектеп әкімшілігіне алғыстарын білдірді.

17 мамыр күні Сарыжар мектебінде қауіпсіздік акциясы өткізілді. Акцияның мақсаты: Балалардың терезеден құлауының жазатайым оқиғаларының алдын алу, тұрғын және оқу орындарында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемасына қоғамның назарын аудару. Акция барысында ата-аналарға жадынама таратылды.

Жадынама мазмұны:

- Түнгі уақытта балалардың жүріс- тұрысын бақылау;
- Өрт қауіпсіздігі;
- Судағы қауіпсіздік;
- Жол-қозғалыс қауіпсіздігі;
- Ақпараттық қауіпсіздік;
- Кибербуллинг туралы ақпараттар беріліп, түсіндірме жұмыстар жүргізілді.

Сарыжар мектебінде 9, 11 сынып ата-аналарының комитет төрағаларына жиналыс өткізілді.

Жиналыс барысында:

- Бітіруші 9,11 сынып оқушыларынан мектеп қаражатына ақша жинау;
- Аниматорлар, студиялар мен агенттіктерді шақыру;
- Мектеп әкімшілігі мен мұғалімдерге қандай да бір сыйлықтар беру;
- Мектептің ішкі жөндеу жұмыстарына қажетті заттар үшін қаражат жинау;
- Оқушылардың автокөлік шеруіне қатысуы, ойын-сауық, мейрамхана, саябаққа баруы;

-Қорытынды аттестаттау кезінде ата-аналардан ақша жинап, мерекелік дастархан ұйымдастыру және отырыстар ұйымдастыруға рұхсат етілмейтіндігі туралы айтылды. Осы оқу жылы бойынша жоспарға алынған және жоспардан тыс іс шаралардың барлығы ата-аналардың қатысуымен өз деңгейінде өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/DK9Aqj4M0cL/?igsh=OHhvbjN1MzE2dHc1>

<https://www.instagram.com/p/DJ5xSJrMGG8/?igsh=Z3BtdGg5ZnpzYmtl>

[https://www.instagram.com/p/DJ4JRblMMs\\_/?igsh=MXNuMDBibzB3bHpvaQ==](https://www.instagram.com/p/DJ4JRblMMs_/?igsh=MXNuMDBibzB3bHpvaQ==)

<https://www.instagram.com/reel/DJw0h4as2J9/?igsh=YnQ0aGNtbWp4djlS>

<https://www.instagram.com/reel/DJrk0txsBiH/?igsh=MTg2bGtib21pbGdqZg==>

<https://www.instagram.com/reel/DJrbjjNMZqE/?igsh=ZGJsOHlwdDM4Zngw>

<https://www.instagram.com/reel/DJrWLRosEqL/?igsh=MTlwOTRudmdiY2U2Ng==>

<https://www.instagram.com/reel/DJrOvb9M7SE/?igsh=MXh1bGdkbDVsb3d2>

<https://www.instagram.com/p/DJrA1I-MZTd/?igsh=dzV4ZWpvZnNiYmtl>

ДТДЖО : Керимова С.С  
Убайшанова Г.Т